

Жалпы білім беру мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Объективте» тақырыбында сырттай республикалық фотосуреттер байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы білім беру мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өтетін «Объективте» тақырыбында Республикалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – білім алушылардың азаматтық ой-санасын және белсенді өмірлік ұстанымын, әуесқой фотосуретшілердің көркемдік талғамын дамыту.

Байқау міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту;
- балалар мен жастардың көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- фотоға түсіру техникаларын жетілдіру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2014 жылғы 12 желтоқсан мен 2015 жылғы 20 қаңтар** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Ұсынылған жұмыстар байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сай келуі тиіс.

7. Байқау жұмыстары 2015 жылғы 20 қаңтарға дейін nt_ekotur@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі.

Анықтама телефондары: 87015001817, 8778-334-70-28 әдіскер Құрманалиева Гүлзира Серікқызы.

8. 2015 жылғы 20 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға ұсынылған жұмыстар кері қайтарылмайды және оларға рецензия берілмейді. Сараптамалық қорытындылар қатысушыларға берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. **Байқауға қатысу үшін – 1000 (мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы былай жүргізіледі: Астана қала.сы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы аталуы: «Объективте» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын сканерден өткізіп, nt_ekotur@mail.ru электрондық поштаға жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі- **2015 жылғы 3 ақпан.**

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

14. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-11 жас;

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау номинациялар бойынша өткізіледі:

1) *Блиц- қыс мезгілі* – қыс мезгілі түскенде асығуға болмайды: бұл қыс мезгілінің барлық сұлулығын көріп қызықтауға үлгіру керек. Табиғаттың күш-қауаты мен сұлулығы түсірілген өздеріңіздің ең сәтті кадрларыңызды жіберіңіздер.

2) *«Менің көңілді мерекем»* - қыстың ұзақ түндер мен бұлдыр, аязды күндерінде көңіл көтеруге көптеген себептер бар: Жаңа жыл мен Рождество, мектептегі іс шаралар, көшедегі мейрамдар және отбасылық отырыстар т.б. Қысқы мейрамдардағы есте қаларлық сәттер түсірілген фотосуреттерді жіберіңіздер.

3) *«Керемет қысқы демалыстар»*- қысқы демалыстардың қуанышты мейрамға айналуы әбден мүмкін, себебі бұл уақытта ашық ауада қыдыруға, омбы қармен ойнауға, шаңғы мен шанада сырғанау- өте қызықты!

16. Келесі талапқа сай байқау жұмыстары қабылданады:

-түрлі түсті, қара-ала түсті фотосуреттер. Фотосуреттің кішкентай өлшемі А4, А5.

17. Барлық фотосуреттер электронды түрінде, бір суреттің үлкен көлемі 2 Мб аспауы тиіс. Фототүсірілімдерге қоса этикеткада: аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, email, облыс, аудан, ауылы көрсетілуі тиіс.

18. Әрбір қатысушы әр номинация бойынша 3 -тен артық емес жұмыс

жіберуі тиіс.

19. «Объективте» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

20. Балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы туристік-өлкетану бағытындағы «Жас саяхатшы» клубының қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет.

21. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға тиым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

22. Байқаудың бағалау өлшемдері:

- байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкес келуі;
- түпнұсқалығы;
- орындалу сапасы;
- композициялық шешімі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

23. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

24. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.